

2-БЛОК: Арнайы пән
Педагогика және психология негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Психикалық құбылыстардың пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым

- A) социология
- B) философия
- C) физиология
- D) психология
- E) психиатрия

2. Мектептегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мәселелері талқыланатын ең жоғарғы алқалы орган

- A) педагогикалық конференция
- B) пән бірлестіктері
- C) әдістемелік кеңес
- D) педагогикалық кеңес
- E) педагогикалық оқу

3. Педагогика ғылымы _____ зерттейді

- A) Тұлғаның өсу заңдылықтарын
- B) Дүниетаным көқарасын
- C) Мінез-құлық ерекшелігін
- D) Жалпы оқыту процесін
- E) Адам тәрбиесін

4. Психиканың белгілі бір жағының тиімді дамуындағы аса жоғары мүмкіндіктер кезеңі

- A) Адаптациялық
- B) Аналитикалық
- C) Эволюциялық
- D) Сензитивтік
- E) Бейімделу

5. Мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін ұлттық ойын

- A) Алтыбақан ойыны
- B) Ақсерек, көксерек ойыны
- C) Аударыспақ
- D) Тоғызқұмалақ ойыны
- E) Ақсүйек ойыны

6. Оқушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін мотивациялау, ынталандыру әдісіне _____ жатады

- A) үлгі- өнеге
- B) байқау
- C) мадақтау
- D) жаттығу
- E) әңгімелесу

7. Балаларды қорғаудағы халықаралық құжат

- A) ЮНЕСКО құжаттарының жиынтығы
- B) үкіметтің еңбек туралы кодексі
- C) білім беру туралы заң ережелері
- D) БҰҰ-ның балалар құқығы туралы конвенция
- E) отбасы кодексі жиынтығы

8. Тәрбие, бұл -

- A) ішкі қарама-қайшылықтарды айқындау арқылы өзіндік өзгеріс
- B) әр түрлі әсерлердің нәтижесінде тұлғаның қалыптасуы
- C) тұлғаның дамуына мақсатты түрде әсер ету процесі мен нәтижесі
- D) әр түрлі факторлар әсерінің маңызды формасы
- E) адамның ақпараттық-опрациялық дамуының жетекші күші

9. Адамның дамуы өмір бойы жүреді, әсіресе _____ қарқынды түрде жүреді

- A) отбасында
- B) оқушылар ұжымында
- C) балалық және жасөспірім шақта
- D) әлеуметтік ортада
- E) өз қатар – құрбыларының ортасында

10. Тәрбие мақсатына сәйкес оқушылар меңгеретін білім, сенімдер, дағды, қасиеттер мен тұрақты әрекет әдеттерінің жүйесі –

- A) тәрбие мазмұны
- B) тәрбиелеу мақсаты
- C) тәрбиелеу құралы
- D) тәрбиелеу формасы
- E) тәрбиенің әдісі

11. Балалық және жасөспірім шақтағы ағзаның қарқынды дамуы _____ деп аталады

- A) өзін-өзі дамыту
- B) акселерация
- C) өзін-өзі тәрбиелеу
- D) қалыптасу
- E) өзін-өзі жетілдіру

12. Жеке тұлғалық қасиеттер

- A) қабылдау, ойлау, сөйлеу, есте сақтау
- B) көңіл күй, эмоция, сезімі, еркіндік
- C) адамның кәсіби қарым-қатынастарға біртіндеп енуі
- D) достық, әріптестік, жолдастық, қолдаушылық
- E) мінез, темперамент, қабілет

13. Адамға қоғамның толық мүшесі ретінде мүмкіндік беретін, нормалар мен құндылықтар жүйесін меңгеру процесі

- A) тәрбиелеу
- B) оқыту
- C) қалыптасу
- D) дамыту
- E) әлеуметтендіру

14. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті

- A) еңбек
- B) оқу
- C) қатынас
- D) серуен
- E) ойын

15. Адамда қиын ахуалдарда пайда болатын, орасан зор ішкі күйзеліс нәтижесі

- A) Апатия
- B) Жан толқынысы
- C) Эмпатия
- D) Көңіл-күй
- E) Стресс

16. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының миымызда сөз арқылы бейнеленуі

- A) Ес
- B) Қабылдау
- C) Түйсік
- D) Қиял
- E) Ойлау

17. Адамның бұрын бастан кешкен сезімдеріне байланысты ес түрі

- A) Бейнелік
- B) Эмоциялық
- C) Қозғалыс
- D) Эйдетикалық
- E) Сөз-логикалық

18. Адам ойының түрлі формаларын еске қалдыра алу

- A) Бейнелік ес
- B) Жедел ес
- C) Сөздік- логикалық ес
- D) Эмоциялық ес
- E) Қозғалыс ес

19. Сезім мүшелерінің әсер етуші тітіркендіргіштерге біртіндеп бейімделуі

- A) Сенсбилизация
- B) Аккомодация
- C) Реминисценция
- D) Ассоциация
- E) Адаптация

20. Психологияда табиғи экспериментті тұңғыш енгізген орыс психологы

- A) В.Давыдов
- B) И.Павлов
- C) А.Лазурский
- D) В.Фехнер
- E) В.Вундт

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. А.С.Макаренко ұсынған перспективалар

- A) Төмен
- B) Жақын
- C) Қашық
- D) Өткінші
- E) Жылдам
- F) Орта
- G) Жедел

22. Ұжым теориясының негізін қалаған ғалымдар

- A) М.А.Данилов
- B) Е.Я.Голант
- C) С.Т.Щацкий
- D) В.А.Сухомлинский
- E) Б.П.Есипов
- F) А.С.Макаренко
- G) Л.В. Занков
- H) К.Д.Ушинский

23. Тәрбиенің бағыттары

- A) адамгершілік тәрбиесі
- B) орта тәрбиесі
- C) ересектер тәрбиесі
- D) ата-ана тәрбиесі
- E) мектеп тәрбиесі
- F) дене тәрбиесі

24. Нәрестелік кезеңдегі психикалық дамуда болатын шартты және шартсыз рефлексдер

- A) қорғану
- B) қайтару
- C) ырықты
- D) сору
- E) қарману
- F) тамақтану

25. Жеке адамның қалыптасуына ықпал жасайтын факторлар

- A) тәрбие
- B) тұқымқуалаушылық
- C) жанұя
- D) оқушылар
- E) мектеп
- F) достары
- G) орта
- H) ата-ана

26. Жеке адамның әлеуметтік дамуы –

- A) психикалық дамуы
- B) интеллектуалдық дамуы
- C) мәдени дамуы
- D) рухани дамуы
- E) анатомиялық дамуы
- F) адамгершілік дамуы

27. Ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау тәсілдері

- A) диктант
- B) конспект
- C) аннотация
- D) реферат
- E) шығарма
- F) мәтіндер
- G) сипаттау

28. Педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері

- A) сауалнама
- B) ойластыру
- C) ескерту
- D) болжау
- E) салыстыру
- F) санау
- G) бақылау
- H) зерттеу

29. Педагогикалық жүйелерді басқару принциптері

- A) технологияландыру принципі
- B) гуманизациялау принципі
- C) өкілеттіктер беру принципі
- D) демократияландыру принципі
- E) мұғалімдерді басқару
- F) синергетикалық принципі
- G) акмеологиялық
- H) іс-әрекеттілік принципі

30. Мектептің әкімшілік жүйесі құралады

- A) оқу үдерісін басқарудан
- B) балаларды басқарудан
- C) ата-аналарды басқарудан
- D) шаруашылық жұмыстарына жетекшіліктен
- E) тәрбие жұмыстарына жетекшіліктен
- F) мұғалімдерді басқарудан
- G) оқушылар жұмыстарына жетекшіліктен
- H) сабақ барысын басқарудан

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Мұғалім Саяттың анасына тәртібі туралы әңгіме қозғады, оның үнемі басқа балаларды ренжітетіні, кемсітетіні туралы алға тартып айтты. Анасы баласының мұндай екеніне мүлдем сенбей: – Жоқ, менің баламның бұлай жасауы мүмкін емес, – деп сенімсіздік танытты.

31. Психологияда қолданылатын негізгі әдістер

- A) әңгімелесу, түсіну
- B) жағдайдан шығу, конфеденциалдылық
- C) бақылау, тәжірибе, сауалнама, тест, әңгімелесу
- D) жоспарлау, қадағалау, бақылау
- E) зертханалық, табиғи әдістер

32. Темперамент дегеніміз

- A) жүйке жүйесінің тұрақ қасиеттерінен туындатын адамның жеке өзгешеліктерінің бірі
- B) әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық мінезі
- C) адамның табиғат пен қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі
- D) түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған үдеріс
- E) сананың қандайда болса бір затқа, құбылысқа немесе іс-әрекетке бағытталуы

33. И.П. Павлов бойынша Саяттың жүйке жүйесінің типі

- A) интроверт
- B) ұстамсыз тип
- C) әлсіз тип
- D) экстрроверт
- E) баяу тип

34. Саяттың темпераменті

- A) сангвиник
- B) меланхолик
- C) флегматик
- D) интроверт
- E) холерик

35. Анасының көз жеткізуіне байланысты қолданылатын тиімді әдіс

A) тест әдісі

B) әңгімелесу

C) табиғи эксперимент

D) байқау, бақылау әдісі

E) лабораториялық эксперимент

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Мұғалім сабақта балаларды қатал ұстайды. Оларға өзіндік әрекет жасауға мүмкіндік бермейді. Тапсырма орындау барысында жұмыс ұстаздың берген нұсқауымен жүзеге асады. Мұғалім шешімді өзі қабылдайды, жағдайды және оқушылардың пікірін ескермей талап қояды. Оқушы қоғамдық жұмысты, сабақты мұғалімнен қорыққаннан орындайды, мұғалімнің алдында тәртіпті бола қалады да, мектептен тыс жерлерде түрлі тәртіпсіздік көрсетеді.

36. А.С. Макаренконьң пайымдауынша, мақсат-мүдделері ортақ, әрекеттес, белгілі дәстүр салттары бар, өзін-өзі басқара алатын, әлеумет тіршілігін арқау еткен адамдар тобы. Ол

- A) топ, ұжым
- B) жеке адам
- C) ұжым
- D) шағын топ
- E) отбасы

37. Социометриялық әдістің ерекшелігі

- A) жасандылығы, бетпе-бет зерттеуге ыңғайлылығы
- B) салыстыру жұмыстарына ыңғайлы
- C) тікелей қарым-қатынас жылдам зерттеледі
- D) бетпе-бет зерттеу үшін тиімді
- E) шағын топтағы адамдардың қарым-қатынасын зерттеу

38. Оқушылар қарым-қатынаста тең дәрежелі. Мұғалім шешімді оқушылармен бірлесіп қабылдайды, олардың ойларын, пікірлерін ескереді. Мұғалім тек үлгерімге ғана емес, оқушылардың жеке тұлғалық сапаларына мән береді

- A) публицистикалық
- B) демократиялық
- C) либералды
- D) авторитарлық
- E) шығармашылық

39. Социометриялық әдісті ұсынған

- A) Дж. Морено
- B) З. Фрейд
- C) К. Бюллер
- D) Ф. Шиллер
- E) А. Бехтерев

40. Берілген жағдаяттағы мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас стилі

- A) жоспарға бағытталған
- B) авторитарлық
- C) либералды
- D) бейтарап
- E) демократиялық

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.